Алатау қаласы Кеңесінің
2026 жылғы 9 қарашадағы № 4 хаттамасына
2-қосымша

БЕКІТІЛГЕН
Алатау қаласы Кеңесінің
2026 жылғы 9 қарашадағы шешімімен (№ 4 хаттама)

АЛАТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРІ ТУРАЛЫ РЕТТЕУШІ ЕРЕЖЕ

Тіркеу нөмірі: CR-1.03

Қабылданған күні: 2026 жылғы 9 қараша
Қолданысқа енгізілген күні: 2026 жылғы 24 қараша

Алатау қ., Қазақстан

Мазмұны

1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР 3
1-бап. Атауы 3
2-бап. Қабылданған күні 3
3-бап. Қолданысқа енгізу 3
4-бап. Құқықтық негіз 3
5-бап. Қолданыс аясы және қолданылуы 3
6-бап. Осы Реттеуші ереженің мақсаттары 3
7-бап. Түсіндіру 3
2-БӨЛІМ. АЛАТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРІ 4
1-тарау. Нормативтік құқықтық актілер 4
8-бап. Әкімшіліктің құзыреті 4
9-бап. Әкімшіліктің құзыретіне жататын мәселелер 4
10-бап. Әкімшіліктің құзыретіне жатпайтын мәселелер 5
11-бап. Нормативтік құқықтық актілердің түрлері 6
12-бап. Нормативтік құқықтық актілердің иерархиясы 6
13-бап. Реттеуші ережелер 6
14-бап. Қағидалар 7
15-бап. Реттеуші бұйрықтар 8
16-бап. Нормативтік құқықтық актілердің қағидаттары 8
2-тарау. Мазмұны, рәсімдер және жариялау 8
17-бап. Нормативтік құқықтық актілердің мазмұны 8
18-бап. Нормативтік құқықтық актілердің құрылымы 9
19-бап. Нормативтік құқықтық актілердің тілдері 10
20-бап. Жария талқылау 10
21-бап. Реттеуші ережелерді қабылдау тәртібі 11
22-бап. Қағидаларды қабылдау тәртібі 11
23-бап. Реттеуші бұйрықтарды қабылдау тәртібі 11
24-бап. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын құқықтық және сараптамалық бағалау 12
25-бап. Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу 12
26-бап. Нормативтік құқықтық актілерді қолданысқа енгізу 13
27-бап. Нормативтік құқықтық актілерді және реттеуші материалдарды жариялау 13
28-бап. Эталондық бақылау банкіне енгізу 13
29-бап. Нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу 13
30-бап. Нормативтік құқықтық актілердің күшін жою немесе қолданысын тоқтата тұру 14
3-тарау. Нормативтік құқықтық актілерді түсіндіру және қолдану 15
31-бап. Нормативтік құқықтық актілерді түсіндіру 15
32-бап. Нормативтік құқықтық актілердегі сілтемелер 15
33-бап. Нормативтік құқықтық актінің бөлігі болып табылмайтын материал 15
34-бап. Анықтамаларды қолдану 15
35-бап. Мерзімдерді есептеу 15

36-бап. Ресми түсіндірме 16
3-БӨЛІМ. ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ САБАҚТАСТЫҚ 16
37-бап. Қолданыстағы актілердің күшін сақтау 16
38-бап. Аяқталмаған рәсімдер 17
39-бап. Қолданыстағы актілер мен құжаттарға сілтемелер 17
40-бап. Қосымша өтпелі ережелер 17
1-ҚОСЫМША. ТҮСІНДІРУ 18
2-ҚОСЫМША. РЕТТЕУШІ ЕРЕЖЕ НЫСАНЫ 20
3-ҚОСЫМША. ҚАҒИДАЛАР НЫСАНЫ 25
4-ҚОСЫМША. РЕТТЕУШІ БҰЙРЫҚ НЫСАНЫ 29

1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Атауы

Осы Реттеуші ереже Алатау қаласының нормативтік құқықтық актілері туралы реттеуші ереже болып табылады.

2-бап. Қабылданған күні

Алатау қаласының Кеңесі осы Реттеуші ережені қабылдаған күн оның қабылданған күні болып есептеледі.

3-бап. Қолданысқа енгізу

Осы Реттеуші ереже Интернет-ресурста жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4-бап. Құқықтық негіз

Осы Реттеуші ережені Кеңес Алатау қаласының Арнаулы құқықтық режимін орнату мақсатында Конституциялық заңның 4-бабының 1-тармағына сәйкес, сондай-ақ 36-бабы 5-тармағының 1) тармақшасы мен 36-бабының 14-тармағы негізінде қабылдайды.

5-бап. Қолданыс аясы және қолданылуы

(1) Осы Реттеуші ереже Алатау қаласының аумағында, ал Конституциялық заңда немесе өзге де қолданылатын заңда тікелей көзделген жағдайларда Алатау қаласының қала маңындағы аймағында және Конституциялық заңның 10-бабына сәйкес Алатау қаласының шегінен тысқары жерлердегі қызметке де қолданылады.

(2) Осы Реттеуші ереже Әкімшілікке, Әкімшіліктің басқару органдарына, мәслихат пен әкімдікке қолданылады.

(3) Осы Реттеуші ереже нормативтік құқықтық актілерді дайындауды, қабылдауды, түсіндіруді, жариялауды, өзгертуді, қолданысын тоқтата тұруды және күшін жоюды реттейді.

6-бап. Осы Реттеуші ереженің мақсаттары

Осы Реттеуші ереженің мақсаттары мыналар болып табылады:

(a) Алатау қаласының Арнаулы құқықтық режимі үшін ашық, үйлесімді және болжамды құқықтық реттеу жүйесін қалыптастыру;

(b) нормативтік құқықтық актілердің құқықтық айқындылығын, үйлесімділігін және қолжетімділігін қамтамасыз ету; және

(c) тиімді басқаруға, реттеу сапасына және есептілікке жәрдемдесу.

7-бап. Түсіндіру

1-қосымшада осы Реттеуші ережеде пайдаланылатын анықтамалар және түсіндіру туралы өзге де ережелер қамтылған.

2-БӨЛІМ. АЛАТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРІ

1-тарау. Нормативтік құқықтық актілер

8-бап. Әкімшіліктің құзыреті

(1) Әкімшілік нормативтік құқықтық актілерді Әкімшіліктің басқару органдары арқылы қабылдауға өкілетті.

(2) Әкімшіліктің басқару органдары:

(a) Кеңес;

(b) Реттеуші комиссия;

(c) Бас атқарушы директор.

(3) Әкімшіліктің басқару органдарының нормативтік құқықтық актілерді қабылдау жөніндегі өкілеттіктері мыналардан туындайды және соларға бағынады:

(a) Қазақстан Республикасының Конституциясы;

(b) Конституциялық заң;

(c) Президенттің Алатау қаласы мәселелері жөніндегі Жарлығы;

(d) Әкімшілік туралы реттеуші ереже;

(e) Реттеуші комиссия туралы реттеуші ереже; және

(f) осы Реттеуші ереже.

(4) Нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасының Конституциясына және Конституциялық заңға қайшы келмеуге тиіс.

9-бап. Әкімшіліктің құзыретіне жататын мәселелер

(1) Нормативтік құқықтық актілер Конституциялық заңның 6 және 7-баптарында көзделген Арнаулы құқықтық режимнің мақсатына қол жеткізуге және міндеттерін орындауға бағытталуы тиіс.

(2) Нормативтік құқықтық актілер Конституциялық заңның 8-бабында белгіленген және 9–16-баптарында нақтыланған Арнаулы құқықтық режимнің қағидаттарына сәйкес келуі тиіс.

(3) Нормативтік құқықтық актілер Конституциялық заңда белгіленген Әкімшіліктің құзыретіне жататын мәселелерді, оның ішінде осындай құзыреттің шектеулерін ескере отырып, мыналарды реттеуі мүмкін:

(a) мемлекеттік бақылау және қадағалау;

(b) кәсіпкерлік қызмет, бизнес-лицензиялау, заңды тұлғалардың қызметі, реттеуші лицензиялау және рұқсат беру рәсімдері;

(c) тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің айналымы, стандарттау және техникалық реттеу;

(d) салық және кеден режимдері, валюталық реттеу және валюталық бақылау;

(e) эксперименттік құқықтық режимдер, мемлекеттік емес білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарының құқықтық режимдері;

(f) цифрлық активтерді, цифрлық объектілерді, цифрлық деректерді, цифрлық жазбаларды, цифрлық өзара іс-қимылды және қызметтер көрсетуді реттеу;

(g) Алатау қаласында және оның қала маңындағы аймағында қоршаған ортаны қорғау және жер қойнауын пайдалану;

(h) креативті индустрия, ойын бизнесі қызметі;

(i) еңбек қатынастары, шетелдік жұмыскерлерді тарту және шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың көші-қон режимі;

(j) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, инфрақұрылым, тұрғын үй қатынастары, жылжымайтын мүлік, резиденттік және жер қорын қоса алғанда, жер қатынастары;

(k) инновациялық қалалық мобильділік;

(l) әкімшілік құқық бұзушылықтар, реттеуші құқық бұзушылықтар; және

(m) Конституциялық заңға сәйкес Әкімшіліктің функциялары мен өкілеттіктеріне жататын өзге де мәселелер.

(4) Конституциялық заңда немесе оған сәйкес қабылданған нормативтік құқықтық актіде нормативтік құқықтық актіні қабылдауға қойылатын ерекше талаптар, оның ішінде Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарымен келісу туралы талаптар белгіленген жағдайларда, мұндай нормативтік құқықтық акт осы талаптарға сәйкес қабылдануға тиіс.

(5) Алатау қаласының салық режиміне және кеден режиміне, Әкімшілік пен Алатау қаласының бюджетіне, Алатау қаласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестікке, валюталық реттеу мен валюталық бақылауға, цифрлық активтердің шығарылуы мен айналымына, сондай-ақ Алатау қаласында қаржылық операцияларды жүзеге асыруға қатысты кез келген Реттеуші ережені 13-бапқа сәйкес тек Кеңес қабылдайды.

(6) Әкімшілік Кеңестің шешімі бойынша қабылданатын нормативтік құқықтық актімен Конституциялық заңның 36-бабының 19-тармағына сәйкес Әкімшіліктің нормативтік құқықтық актілері Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарымен келісуді талап ететін мәселелерді айқындайды.

10-бап. Әкімшіліктің құзыретіне жатпайтын мәселелер

(1) Әкімшілік Конституциялық заңның 4-бабының 3-тармағына сәйкес Арнаулы құқықтық режимнен алып тасталған мәселе бойынша нормативтік құқықтық актіні қабылдауға құқылы емес, Конституциялық заңда тікелей рұқсат етілген шекті қоспағанда.

(2) Әкімшілік Конституциялық заңда мәслихаттың немесе әкімдіктің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселе бойынша нормативтік құқықтық актіні қабылдауға тиіс емес, Конституциялық заңда Әкімшіліктің мұндай актіні мәслихатпен немесе әкімдікпен бірлесіп қабылдауына тікелей рұқсат етілген шекті қоспағанда.

(3) Мәслихат қабылдайтын кез келген шешім немесе әкімдік қабылдайтын кез келген қаулы, осы баптың (2)-тармағына сәйкес Әкімшілікпен бірлесіп не өзге тәртіппен қабылданғанына қарамастан, Арнаулы құқықтық режимнің мақсаты мен міндеттерін іске асыру үшін қабылдануға тиіс және Конституциялық заңға қайшы келмеуге тиіс.

(4) Әкімшілік жеке нормативтік құқықтық актімен Алатау қаласы мәслихаты мен әкімдігінің нормативтік құқықтық актілерін, олар Арнаулы құқықтық режимге жататын шекте,

дайындауға, қарауға, талқылауға, енгізуге және қабылдауға қатысты тәртіп пен талаптарды, сондай-ақ осыған байланысты өзге де рәсімдерді белгілейді.

11-бап. Нормативтік құқықтық актілердің түрлері

(1) Әкімшілік қабылдай алатын нормативтік құқықтық актілердің түрлері Реттеуші ережелер, Қағидалар және Реттеуші бұйрықтар болып табылады.

(2) Нормативтік құқықтық акт (3)-тармақты ескере отырып, тұрақты немесе уақытша негізде қабылдануы мүмкін.

(3) Нормативтік құқықтық акт Конституциялық заңның 36-бабының 10-тармағында рұқсат етілген кез келген мақсатта уақытша негізде қабылдануы мүмкін.

(4) Уақытша нормативтік құқықтық акт мына мерзімге дейін күшін сақтайды:

(a) белгіленген күнге дейін;

(b) оның қолданысының тоқтатылуын айқындайтын оқиға басталғанға дейін; немесе

(c) осы Реттеуші ережеге сәйкес оның қолданысы тоқтатыла тұрғанға немесе күші жойылғанға дейін.

(5) Әкімшіліктің уақытша нормативтік құқықтық актілері Конституциялық заңда көзделген кез келген ерекше талаптарды немесе ерекшеліктерді ескере отырып, осы Реттеуші ережеге сәйкес сондай түрдегі нормативтік құқықтық актілерге қолданылатын рәсімдерге сәйкес қабылданады.

12-бап. Нормативтік құқықтық актілердің иерархиясы

Реттеуші ережелер, Қағидалар және Реттеуші бұйрықтар заңдық күші бойынша кему ретімен мынадай дәрежеде орналасады:

(a) Кеңес қабылдаған немесе Кеңестің 13-баптың (1)-тармағына сәйкес берген өкілеттігі негізінде Реттеуші комиссия қабылдаған Реттеуші ережелер;

(b) Қағидалар; және

(c) Реттеуші бұйрықтар.

13-бап. Реттеуші ережелер

(1) Егер Кеңес Конституциялық заңның 22-бабының 6-тармағына және осы бапқа сәйкес осындай Реттеуші ережені қабылдау жөніндегі өз өкілеттігін (Кеңестің құзыретіне қалдырылған мәселелерді қоспағанда) Реттеуші комиссияға бермесе, Реттеуші ереже Кеңестің шешімімен қабылдануға тиіс.

(2) Егер Кеңес тиісті өкілеттіктерді беру туралы шешімде осындай Реттеуші ережені бекітуді тікелей өзіне қалдырған болса, Кеңес белгілі бір Реттеуші ережелерді қабылдау жөніндегі өз өкілеттіктерін бере алмайды.

(3) Кеңестің өкілеттіктерді беруі Кеңестің шешімімен жүзеге асырылуға тиіс және онда мыналар айқындалуға тиіс:

(a) бекіту жөніндегі өкілеттік берілетін Реттеуші ережелер немесе Реттеуші ережелердің санаты;

(b) өкілеттіктерді беру мерзімі; және

(c) өкілеттіктерді беруге қойылатын кез келген шарттар.

(4) Өкілеттіктерді беру белгілі бір мерзімге, Реттеуші ережелердің белгілі бір санатына қатысты не белгілі бір Реттеуші ережелерді бекіту мақсатында жүзеге асырылуы мүмкін.

(5) Кеңес берген мәселелер бойынша Реттеуші комиссия қабылдаған Реттеуші ережелер:

(a) Кеңестің бөлек бекітуін талап етпейді;

(b) тікелей Кеңес қабылдаған Реттеуші ережелермен бірдей заңдық күшке ие болады; және

(c) егер Реттеуші ережелердің өзінде тікелей өзгеше көрсетілмесе, кейіннен Реттеуші комиссия оларға өзгерістер енгізуі мүмкін.

(6) Осы бапқа сәйкес берілген өкілеттіктерді жүзеге асыруға Кеңестің Реттеуші ережелерді қабылдауына қолданылатын рәсімдік талаптар қолданылады.

(7) Егер қандай да бір Реттеуші ереженің қолданылуы осы Реттеуші ереже қолданысқа енгізілгеннен кейін қолданысқа енгізілетін, қабылдануға тиіс Қағидаларға байланысты болса, Реттеуші ережеде Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін оның тиімді қолданылуын қамтамасыз ету үшін жеткілікті өтпелі ережелер болуға немесе көзделуге тиіс.

(8) Кеңес Реттеуші ережені қабылдай алады және Реттеуші комиссияға осы Реттеуші ереженің нормаларын нақтылау, оларды іске асыру тетіктерін айқындау және Алатау қаласының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу өкілеттігін бере алады. Реттеуші комиссияның осындай өзгерістер мен толықтыруларды қабылдағаны туралы Кеңес хабардар етілуге тиіс.

Кеңес Реттеуші комиссия осы тармаққа сәйкес қабылдаған Реттеуші ережеге енгізілген кез келген өзгерістер мен толықтыруларды қайта қарауды талап ету туралы шешім қабылдай алады. Мұндай жағдайда тиісті мәселені Реттеуші комиссия Кеңестің ұстанымын ескере отырып қайта қарауға тиіс не, егер Кеңес осындай шешім қабылдаса, оны тікелей Кеңес қарайды.

14-бап. Қағидалар

(1) Қағидалар Реттеуші комиссияның шешімімен қабылдануға тиіс.

(2) Осы баптың (3)-тармағын ескере отырып, Реттеуші комиссия мынадай жағдайларда Қағидаларды қабылдай алады:

(a) Қағидаларды қабылдау жөніндегі өкілеттік Реттеуші ережемен берілсе; немесе

(b) Қағидалар Арнаулы құқықтық режимді іске асыру үшін қабылданса және оларды қабылдау Реттеуші комиссияның өкілеттігіне жатса.

(3) Егер Конституциялық заң тиісті мәселені Реттеуші бұйрықтармен реттеуді талап етсе не Кеңес осы мәселені бекітуді немесе ол бойынша шешім қабылдауды тікелей өзіне қалдырған болса, Реттеуші комиссия Қағидаларды қабылдауға тиіс емес.

(4) Реттеуші комиссия Қағидаларды редакциялық түзетулерге қарағанда неғұрлым елеулі өзгерістер енгізу шартымен қабылдай алады және бұл жағдайда осындай Қағидалардың түпкілікті редакциясын қабылдау жөніндегі өз өкілеттігін өзінің кіші комитеттеріне бере алады.

15-бап. Реттеуші бұйрықтар

(1) Реттеуші бұйрықты Бас атқарушы директор қабылдауға тиіс.

(2) (3)-тармақты ескере отырып, Бас атқарушы директор Конституциялық заңда, Әкімшілік туралы немесе Бас атқарушы директор туралы реттеуші ережеде не нормативтік құқықтық актіде өзіне берілген өкілеттіктер шегінде, оның ішінде Арнаулы құқықтық режимді іске асыру немесе Әкімшіліктің өз функцияларын орындауын қамтамасыз ету мақсатында Реттеуші бұйрық қабылдай алады.

(3) Бас атқарушы директор Конституциялық заңда Кеңестің, Реттеуші комиссияның, мәслихаттың немесе әкімдіктің құзыретіне тікелей қалдырылған мәселе бойынша Реттеуші бұйрық қабылдауға тиіс емес.

16-бап. Нормативтік құқықтық актілердің қағидаттары

(1) Осы Реттеуші ереженің ешбір ережесі Қазақстан Республикасы Конституциясының және Конституциялық заңның үстемдігін қозғамайды. Алатау қаласының заңнамасы мен Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасының арақатынасы Конституциялық заңға сәйкес айқындалады.

(2) (4)-тармақты ескере отырып, әрбір нормативтік құқықтық акт Конституциялық заңға және заңдық күші неғұрлым жоғары кез келген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келуге тиіс.

(3) Нормативтік құқықтық актілер Алатау қаласының стратегиялық құжаттарын ескере отырып әзірленуі тиіс.

(4) Нормативтік құқықтық акт сондай заңдық күші бар нормативтік құқықтық актіні онда бұрынғы нормативтік құқықтық акт немесе қозғалатын ереже, сондай-ақ өзгертудің, толықтырудың немесе күшін жоюдың сипаты тікелей көрсетілген жағдайда ғана өзгерте, толықтыра немесе оның күшін жоя алады.

(5) Заңдық күші әртүрлі екі нормативтік құқықтық акт арасында қайшылық болған жағдайда, осындай қайшылық шегінде заңдық күші неғұрлым жоғары нормативтік құқықтық акт басым болады.

(6) Заңдық күші бірдей нормативтік құқықтық актілер арасында қайшылық болған жағдайда, осындай қайшылық шегінде кейін қабылданған нормативтік құқықтық акт бұрын қабылданған нормативтік құқықтық актіден басым болады.

2-тарау. Мазмұны, рәсімдер және жариялау

17-бап. Нормативтік құқықтық актілердің мазмұны

(1) Нормативтік құқықтық актіде мыналар көрсетілуге тиіс:

(a) атауы;

(b) оның Реттеуші ереже, Қағидалар немесе Реттеуші бұйрық екені;

(c) қабылданған орны мен күні;

(d) тіркеу нөмірі;

(e) оны қабылдаудың құқықтық негізі, атап айтқанда:

(i) Реттеуші ереже үшін – оны қабылдау туралы Кеңестің шешімі немесе, егер қабылдау жөніндегі өкілеттік 13-баптың (3)-тармағына сәйкес берілген болса, Реттеуші комиссияның шешімі;

(ii) Қағидалар үшін – Реттеуші комиссияның шешімі; немесе

(iii) Реттеуші бұйрық үшін – Бас атқарушы директордың шешімі;

(f) мазмұны;

(g) егер ол қабылданған күнінен өзгеше болса, қолданысқа енгізілу күні (26-бапты қараңыз);

(h) егер ол уақытша нормативтік құқықтық акт болып табылса – оның қолданылуының тоқтатылуын айқындайтын күн немесе оқиға (11-баптың (4)-тармағын қараңыз); және

(i) егер ол бұрын қабылданған нормативтік құқықтық актіге өзгерістер енгізетін болса – бұл туралы мәлімет.

(2) Нормативтік құқықтық актіде мыналар көрсетілуі мүмкін:

(a) оны қабылдаудың міндеті немесе мақсаты; және

(b) онда пайдаланылатын терминдердің анықтамалары.

18-бап. Нормативтік құқықтық актілердің құрылымы

(1) Нормативтік құқықтық акт бөлімдер мен тарауларға бөлінуі мүмкін.

(2) Реттеуші ережелер Реттеуші ереженің бүкіл мәтіні бойынша реттілікпен нөмірленетін баптарға бөлінуге тиіс.

(3) Баптар мыналарға бөлінуі мүмкін:

(a) жақша ішінде араб цифрларымен реттілікпен нөмірленетін тармақтарға (мысалы, 5-баптың (1)-тармағы);

(b) жақша ішінде кіші әріптермен реттілікпен белгіленетін тармақшаларға (мысалы, 5-баптың (1)-тармағының (a) тармақшасы);

(c) жақша ішінде кіші рим цифрларымен реттілікпен белгіленетін абзацтарға (мысалы, 5-баптың (1)-тармағы (a) тармақшасының (i) абзацы); және

(d) жақша ішінде бас әріптермен реттілікпен белгіленетін абзацтың одан әрі бөліктеріне (мысалы, 5-баптың (1)-тармағы (a) тармақшасы (i) абзацының (A) бөлігі).

(4) Қағидалар қағидаларға бөлінуге тиіс, ал олар кіші қағидаларға, тармақшаларға және абзацтарға бөлінуі мүмкін.

(5) Егер Қағидалар бөлімдерге бөлінсе:

(a) қағидалар бөлімдерге негізделген ондық нөмірлеу жүйесі бойынша нөмірленуге тиіс (мысалы, 2.1-қағида және 2.2-қағида); және

(b) кіші қағидалар әрбір қағида шегінде реттілікпен нөмірленуге тиіс (мысалы, 2.1.1-кіші қағида және 2.1.2-кіші қағида).

(6) Егер Қағидалар бөлімдерге бөлінбесе:

(a) қағидалар Қағидалардың бүкіл мәтіні бойынша реттілікпен нөмірленуге тиіс (мысалы, 1-қағида және 2-қағида); және

(b) кіші қағидалар әрбір қағида шегінде реттілікпен нөмірленуге тиіс (мысалы, 2.1-кіші қағида және 2.2-кіші қағида).

(7) Қағидалардың тармақшалары мен абзацтары тиісінше жақша ішінде кіші әріптермен және кіші рим цифрларымен реттілікпен белгіленуге тиіс (мысалы, 2.1.1(a)-қағида және 2.1.1(a)(i)-қағида).

(8) Реттеуші бұйрықтар Реттеуші бұйрықтың бүкіл мәтіні бойынша реттілікпен нөмірленетін тармақтарға бөлінуге тиіс (мысалы, 1-тармақ, 2-тармақ).

(9) Тармақтар мыналарға бөлінуі мүмкін:

(a) жақша ішінде араб цифрларымен реттілікпен нөмірленетін тармақшаларға (мысалы, 5-тармақтың (1)-тармақшасы);

(b) жақша ішінде кіші әріптермен реттілікпен белгіленетін кіші тармақшаларға (мысалы, 5-тармақтың (1)-тармақшасының (a) кіші тармақшасы); және

(c) жақша ішінде кіші рим цифрларымен реттілікпен белгіленетін абзацтарға (мысалы, 5-тармақтың (1)-тармақшасы (a) кіші тармақшасының (i) абзацы).

(10) Нормативтік құқықтық актіде реттілікпен нөмірленуге тиіс бір немесе бірнеше қосымша болуы мүмкін.

(11) Қосымша бөлімдерге, тарауларға, сондай-ақ өз сипаты мен мазмұнына сәйкес реттілікпен нөмірленетін тармақтарға, тармақшаларға және одан әрі құрылымдық элементтерге бөлінуі мүмкін.

(12) Қосымшада нормативтік құқықтық актіге қатысты кестелер, нысандар, диаграммалар, схемалар және өзге де материалдар болуы мүмкін.

(13) Қосымша ол қоса берілетін нормативтік құқықтық актінің ажырамас бөлігі болып табылады және, егер тікелей өзгеше көзделмесе, оның басқа ережелері сияқты сондай заңдық күшке ие болады.

19-бап. Нормативтік құқықтық актілердің тілдері

(1) Нормативтік құқықтық акт Конституциялық заңның 37-бабына сәйкес қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде әзірленуге және қабылдануға тиіс.

(2) Нормативтік құқықтық актілер басқа тілдерге аударылуы мүмкін.

(3) Нормативтік құқықтық актінің қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқалары арасында алшақтық болған жағдайда, ол 36-бапқа сәйкес ресми түсіндірме арқылы шешіледі.

20-бап. Жария талқылау

(1) Нормативтік құқықтық актінің жобасы Конституциялық заңның 36-бабының 13-тармағына сәйкес жария талқылауға жатады, аталған бапта көзделген ерекшелік қолданылатын жағдайларды қоспағанда.

(2) Нормативтік құқықтық актінің жобасы Интернет-ресурста жария талқылау үшін кемінде күнтізбелік бес күн және күнтізбелік он бес күннен аспайтын мерзімге жариялануға тиіс; бұл мерзім нормативтік құқықтық акт жобасының сипатын, күрделілігін және шұғылдығын ескере отырып, Әкімшіліктің нормативтік құқықтық актісімен қабылданған тәртіпке сәйкес айқындалады.

(3) Жария талқылау жүргізу туралы талап, егер нормативтік құқықтық актінің жобасын кезек күттірмей қабылдау Конституциялық заңның 36-бабының 13-тармағына сәйкес Алатау

қаласының қауіпсіздігін, жұмыс істеуін немесе орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін қажет болса, қолданылмауы мүмкін.

(4) Осы баптың (3)-тармағына сәйкес жария талқылау жүргізу туралы талапты қолданбау туралы шешімді Әкімшілік қабылдауға тиіс. Шешімде жария талқылау жүргізбеу себептері көрсетілуге тиіс.

(5) Нормативтік құқықтық актінің жобасы қабылдауға енгізілгенге дейін жария талқылау барысында түскен елеулі ескертпелер мен ұсыныстар қаралуға және қажет болған жағдайда жобада не жария талқылау нәтижелері туралы ілеспе есепте шағылыстырылуға тиіс.

21-бап. Реттеуші ережелерді қабылдау тәртібі

(1) Реттеуші ереже туралы ұсынысқа Әкімшіліктің басқару органдары немесе Әкімшілік уәкілеттік берген кез келген өзге тұлға не орган бастамашылық жасай алады.

(2) Реттеуші ереженің жобасы өзінің реттеу нысанасын ескере отырып, орынды құқықтық, реттеушілік және сараптамалық бағалаудан өтуге, сондай-ақ Конституциялық заңда немесе өзге де қолданылатын заңнамада талап етілетін кез келген мақұлдауды немесе келісімді алуға тиіс.

(3) Реттеуші ереженің жобасы Кеңеске қабылдауға енгізілгенге дейін жария талқылау үшін жариялануға тиіс.

(4) Қолданылатын бағалау және жария талқылау талаптары орындалғаннан кейін Реттеуші ереженің жобасы Кеңеске немесе, егер тиісті өкілеттікті Кеңес берген болса, Реттеуші комиссияға бекітуге енгізілуге тиіс.

(5) Әкімшілік нормативтік құқықтық актімен Реттеуші ережелерді дайындауға, қарауға, талқылауға, енгізуге және бекітуге қатысты тәртіп пен талаптарды, сондай-ақ осыған байланысты өзге де рәсімдерді белгілейді.

22-бап. Қағидаларды қабылдау тәртібі

(1) Қағидалар туралы ұсынысқа Әкімшіліктің басқару органы немесе Әкімшілік уәкілеттік берген кез келген өзге тұлға не орган бастамашылық жасай алады.

(2) Қағидалардың жобасы өзінің реттеу нысанасын ескере отырып, орынды құқықтық, реттеушілік және сараптамалық бағалаудан өтуге, сондай-ақ Конституциялық заңда немесе өзге де қолданылатын заңнамада талап етілетін кез келген мақұлдауды немесе келісімді алуға тиіс.

(3) Қағидалардың жобасы Реттеуші комиссияға бекітуге енгізілгенге дейін жария талқылау үшін жариялануға тиіс.

(4) Қолданылатын бағалау және жария талқылау талаптары орындалғаннан кейін Қағидалардың жобасы Реттеуші комиссияға бекітуге енгізілуге тиіс.

(5) Әкімшілік нормативтік құқықтық актімен Қағидаларды дайындауға, қарауға, талқылауға, енгізуге және бекітуге қатысты тәртіп пен талаптарды, сондай-ақ осыған байланысты өзге де рәсімдерді белгілейді.

23-бап. Реттеуші бұйрықтарды қабылдау тәртібі

(1) Реттеуші бұйрық туралы ұсынысқа Бас атқарушы директор, Әкімшіліктің басқару органы немесе Әкімшілік уәкілеттік берген кез келген өзге тұлға не орган бастамашылық жасай алады.

(2) Реттеуші бұйрықтың жобасы өзінің реттеу нысанасын ескере отырып, орынды құқықтық, реттеушілік және сараптамалық бағалаудан өтуге, сондай-ақ Конституциялық заңда немесе өзге де қолданылатын заңнамада талап етілетін кез келген мақұлдауды немесе келісімді алуға тиіс.

(3) Реттеуші бұйрықтың жобасы Бас атқарушы директорға бекітуге енгізілгенге дейін жария талқылау үшін жариялануға тиіс.

(4) Қолданылатын бағалау және жария талқылау талаптары орындалғаннан кейін Реттеуші бұйрықтың жобасы Бас атқарушы директорға қабылдауға енгізілуге тиіс.

(5) Әкімшілік нормативтік құқықтық актімен Реттеуші бұйрықтарды дайындауға, қарауға, талқылауға, енгізуге және қабылдауға қатысты тәртіп пен талаптарды, сондай-ақ осыған байланысты өзге де рәсімдерді белгілейді.

24-бап. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын құқықтық және сараптамалық бағалау

(1) Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуде озық халықаралық тәжірибені пайдалануға жәрдемдесу үшін, оның ішінде, қажет болған жағдайда, Англия мен Уэльс құқығының қағидаттарына, нормалары мен прецеденттеріне, сондай-ақ сапа инфрақұрылымы жоғары дамыған елдердің іскерлік мінез-құлық стандарттарына сүйене отырып, Заң консультативтік кеңесі құрылады.

(2) 21-баптың (2)-тармағының, 22-баптың (2)-тармағының және 23-баптың (2)-тармағының мақсаттары үшін нормативтік құқықтық актінің жобасы дайындалғаннан кейін және ол тиісті қабылдаушы органға енгізілгенге дейін, егер Заң консультативтік кеңесі қызметінің стандарттарында талап етілсе, жоба Заң консультативтік кеңесінің қарауына жіберілуге тиіс.

(3) Тиісті қабылдаушы орган осы баптың (2)-тармағына сәйкес ұсынылған кез келген нормативтік құқықтық актіні әзірлеу мәселелері бойынша Заң консультативтік кеңесімен консультациялар жүргізеді және Заң консультативтік кеңесі берген кез келген ұсынымдарды ескеруі мүмкін.

(4) Әкімшілік Реттеуші комиссия арқылы әрекет ете отырып, Заң консультативтік кеңесін құратын, оның мүшелеріне қойылатын тиісті біліктілік талаптарын, олардың сыйақысын, кеңес қызметінің стандарттарын және тиісті әдеп кодексін, сондай-ақ өзге де тиісті ережелерді айқындайтын Қағидалар шығарады.

(5) 21-баптың (2)-тармағының, 22-баптың (2)-тармағының және 23-баптың (2)-тармағының мақсаттары үшін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау процесінің кез келген кезеңінде және мұндай жобаны пысықтау аяқталғанға дейін Әкімшілік салалық мәселелер бойынша консультация беру, нормативтік құқықтық актінің жобасы бойынша техникалық ұсынымдар беру және оны қарау үшін тиісті саланың (салалардың) сарапшыларын тарта алады.

(6) Тиісті қабылдаушы орган осы баптың (5)-тармағына сәйкес тартылған кез келген сарапшылармен консультациялар жүргізеді және мұндай сарапшылар берген кез келген ұсынымдарды ескеруі мүмкін.

25-бап. Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу

Әкімшілік нормативтік құқықтық актілердің тізілімін жүргізуге тиіс. Әрбір нормативтік құқықтық актіге ол қабылданған кезде Әкімшілік бекіткен тіркеу тәртібіне сәйкес бірегей тіркеу нөмірі берілуге тиіс.

26-бап. Нормативтік құқықтық актілерді қолданысқа енгізу

(1) Нормативтік құқықтық акт онда көрсетілген күннен (күндерден) бастап қолданысқа енгізіледі, ол күн оның Интернет-ресурста жарияланған күнінен ерте болмауға тиіс.

(2) Егер нормативтік құқықтық актіде оны қолданысқа енгізу күні көрсетілмесе, ол Интернет-ресурста жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

27-бап. Нормативтік құқықтық актілерді және реттеуші материалдарды жариялау

(1) Әкімшілік өзі қабылдаған кез келген нормативтік құқықтық актінің және реттеуші материалдың электрондық нұсқаларын бастапқы қабылданған редакциясында немесе өзгерістер енгізілген жиынтық редакциясында Интернет-ресурста жариялауға тиіс.

(2) Әрбір нормативтік құқықтық акт Интернет-ресурста қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жариялануға тиіс. Ол қосымша Әкімшілік айқындаған кез келген өзге платформада жариялануы мүмкін.

(3) Әкімшілік әрбір нормативтік құқықтық актінің Интернет-ресурста алғаш жарияланған күні мен уақытының тіркелуін және олардың көпшілікке қолжетімді болып қалуын қамтамасыз етуге тиіс.

(4) Осы бапқа сәйкес Интернет-ресурста жарияланған нормативтік құқықтық актінің электрондық нұсқасы осы нормативтік құқықтық актінің ресми электрондық нұсқасы болып табылады және, егер өзгесі дәлелденбесе, нормативтік құқықтық актінің бастапқы қабылданған редакциясындағы не осы нұсқада көрсетілген күнгі немесе кезеңдегі қолданыстағы редакциясындағы мәтінін дәл жаңғыртады деп ұйғарылады.

28-бап. Эталондық бақылау банкіне енгізу

(1) Нормативтік құқықтық актілер Конституциялық заңның 36-бабының 11 және 12-тармақтарына және Әкімшілік тиісті нормативтік құқықтық актіге сәйкес белгілеген тәртіпке сай Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізілуге тиіс.

(2) Интернет-ресурста жарияланған нормативтік құқықтық актінің немесе реттеуші материалдың мәтіні Эталондық бақылау банкіне енгізілген нормативтік құқықтық актінің немесе реттеуші материалдың мәтінімен бірдей болуға және бірдей болып қалуға тиіс.

29-бап. Нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу

(1) Нормативтік құқықтық актіге осындай түрдегі нормативтік құқықтық актіні қабылдауға өкілетті орган не осы Реттеуші ережеге сәйкес бұған тікелей уәкілеттік берілген өзге орган өзгерістер енгізе алады.

(2) Осы баптың (4)-тармағын ескере отырып, нормативтік құқықтық актіге өзгерістер осы Реттеуші ережеге сәйкес сондай түрдегі нормативтік құқықтық актіні қабылдау кезіндегідей рәсімдер сақтала отырып енгізілуге тиіс.

(3) Нормативтік құқықтық актіге өзгерістер енгізілгеннен кейін Әкімшілік 27-бапқа сәйкес өзгерістер енгізілген осындай нормативтік құқықтық актінің жиынтық мәтінін жариялайды және оған енгізілген өзгерістердің тарихы мен оның алдыңғы редакцияларының Интернет-ресурста көпшілікке қолжетімді болып қалуын қамтамасыз етеді.

(4) Грамматикалық және аударма қателерін қоса алғанда, редакциялық қателер, егер мұндай түзетулер тиісті нормативтік құқықтық актінің қандай да бір ережесінің мағынасын немесе заңдық күшін өзгертпесе, осы баптың (1) және (2)-тармақтарына сәйкес ресми өзгерістер енгізбестен түзетілуі мүмкін. Осы тармаққа сәйкес жүргізілетін редакциялық түзетуге Бас

атқарушы директор немесе Бас атқарушы директор тиісті түрде уәкілеттік берген лауазымды адам рұқсат беруге тиіс, ол нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде тіркелуге және түзету мен оның күні көрсетілген ескертпемен бірге жариялануға тиіс.

Егер түзету Кеңес немесе Реттеуші комиссия қабылдаған нормативтік құқықтық актіге енгізілсе, Бас атқарушы директор түзету туралы тиісінше Кеңеске немесе Реттеуші комиссияға хабарлауға тиіс.

(5) Осы баптың (4)-тармағының мақсаттары үшін редакциялық түзету мыналарды жаңартатын немесе түзететін өзгеріс болып табылады:

(a) кез келген нормативтік құқықтық актіге немесе реттеуші материалға не олардың кез келген ережесіне сілтемені;

(b) орфографияны, пунктуацияны не ыңғайлас немесе талғаулықты жалғаулықтарды немесе бас әріптерді қолдануды (не қолданбауды);

(c) нөмірлерді немесе тармақтарды не анықтамалардың немесе өзге де ережелердің орналасу ретін;

(d) кез келген нормативтік құқықтық актінің немесе реттеуші материалдың атауын;

(e) кез келген нормативтік құқықтық актінің немесе өзге жазбаша құжаттың ережесіне сілтемені оны осы ережеге сілтеме жасаудың өзге нысанымен ауыстыру арқылы;

(f) санды, жылды, күнді, уақытты, ақша сомасын, мөлшерді, өлшемді немесе кез келген ұқсас элементті көрсету немесе білдіру тәсілін, мұндай өзгеріс оның мағынасын немесе мәнін өзгертпеген жағдайда;

(g) нысанды немесе ресімделуін;

(h) кез келген нормативтік құқықтық актінің ережесі тақырыбына сілтемені;

(i) кез келген нормативтік құқықтық актінің қолданылу мерзімі өткен немесе қолданылуы аяқталған ережесін; немесе

(j) кез келген мазмұнды (оның атауына қарамастан), бет астындағы сілтемені немесе соңғы сілтемені қоса алғанда, нормативтік құқықтық актінің немесе реттеуші материалдың бөлігі болып табылмайтын кез келген элементті.

(6) Осы бапқа сәйкес өзгертілген нормативтік құқықтық акт немесе реттеуші материал 26-бапқа сәйкес қолданысқа енгізіледі.

30-бап. Нормативтік құқықтық актілердің күшін жою немесе қолданысын тоқтата тұру

(1) Нормативтік құқықтық актінің күші заңдық күші бірдей немесе неғұрлым жоғары, тиісті деңгейдегі нормативтік құқықтық актіні қабылдауға өкілетті орган қабылдаған нормативтік құқықтық актімен ғана жойылуы немесе оның қолданысы тоқтатыла тұруы мүмкін. Күшін жоятын немесе қолданысын тоқтата тұратын нормативтік құқықтық актіде қозғалатын нормативтік құқықтық акт және күшін жоюдың немесе қолданысын тоқтата тұрудың қолданысқа енгізілу күні тікелей көрсетілуге тиіс.

(2) Нормативтік құқықтық актінің қолданысы белгілі бір мерзімге не белгілі бір оқиға басталғанға дейін толық немесе ішінара тоқтатыла тұруы мүмкін. Оның қолданысын тоқтата тұратын нормативтік құқықтық акт осындай тоқтата тұрудың көлемі мен мерзімін, сондай-ақ, қажет болған жағдайда, оның қолданысын қалпына келтіру шарттарын айқындауға тиіс.

3-тарау. Нормативтік құқықтық актілерді түсіндіру және қолдану

31-бап. Нормативтік құқықтық актілерді түсіндіру

(1) Нормативтік құқықтық акт Қазақстан Республикасының Конституциясына және Конституциялық заңға сәйкес және, оның мәтіні мүмкіндік беретін шекте, Арнаулы құқықтық режимнің мақсатына жетуді және міндеттерін орындауды барынша қамтамасыз ететін тәсілмен түсіндірілуге тиіс.

(2) Алатау қаласының заңнамасы мен Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасы арасындағы кез келген қайшылық Конституциялық заңға сәйкес шешілуге тиіс.

32-бап. Нормативтік құқықтық актілердегі сілтемелер

(1) Нормативтік құқықтық актіде бапқа, бөлімге, тарауға немесе қосымшаға тек нөмірі бойынша, қосымша нұсқаусыз жасалған сілтеме осы нормативтік құқықтық актідегі сол нөмірлі бапқа, бөлімге, тарауға немесе қосымшаға сілтеме болып табылады.

(2) Нормативтік құқықтық актінің бабында немесе өзге құрылымдық бөлігінде тармаққа, тармақшаға, абзацқа немесе тарауға тек нөмірі немесе әрпі бойынша, қосымша нұсқаусыз жасалған сілтеме осындай сілтеме қамтылған нормативтік құқықтық актінің бабындағы немесе өзге құрылымдық бөлігіндегі сол нөмірлі немесе әріпті тармаққа, тармақшаға, абзацқа немесе тарауға сілтеме болып табылады.

(3) Басқа тиісті нормативтік құқықтық актіге сілтеме осындай нормативтік құқықтық актіні оның бастапқы қабылданған редакциясында да, ол бастапқы қабылданғаннан бері мезгіл-мезгіл енгізілген өзгерістерімен бірге де қамтиды.

(4) Қағидалар мен Реттеуші бұйрықтардағы сілтемелер осы баптың (1) және (2)-тармақтарында сипатталған қағидатқа сәйкес жасалады.

33-бап. Нормативтік құқықтық актінің бөлігі болып табылмайтын материал

(1) Мыналар нормативтік құқықтық актінің бөлігі болып табылмайды:

(a) тақырыптар, бет астындағы сілтемелер, соңғы сілтемелер немесе өзге де ескертпелер; және

(b) 36-бапқа сәйкес жарияланған ресми түсіндірме.

(2) 33-баптың (1)-тармағында көрсетілген кез келген нәрсе түсіндірме материал болып табылады.

34-бап. Анықтамаларды қолдану

(1) Нормативтік құқықтық актінің түсіндіру туралы ережелерінде қамтылған анықтама, егер осы немесе өзге нормативтік құқықтық актіде осындай анықтаманы қолданудың өзге аясы көзделмесе, бүкіл осы актіге және тек соған ғана қолданылады.

(2) Нормативтік құқықтық актінің бабында (қағидасында, тармағында), бөлімінде немесе тарауында қамтылған анықтама, егер нормативтік құқықтық актіде осындай анықтаманы қолданудың өзге аясы көзделмесе, тиісінше бүкіл бапқа (қағидаға, тармаққа), бөлімге немесе тарауға және тек соған ғана қолданылады.

35-бап. Мерзімдерді есептеу

(1) Осы бап бұл мерзімнің болашаққа немесе өткенге жататынына қарамастан, нормативтік құқықтық акт мәнмәтінінде ұзақтығы бір күн және одан көп мерзімді есептеу кезінде қолданылады.

(2) Көрсетілген күні, әрекет жасалған немесе оқиға болған күні басталады деп сипатталған мерзім көрсетілген күнді немесе көрсетілген әрекет не оқиға болған күнді қамтиды.

(3) Көрсетілген күннен, әрекеттен немесе оқиғадан кейін басталады деп сипатталған мерзім көрсетілген күнді немесе көрсетілген әрекет не оқиға болған күнді қамтымайды.

(4) Көрсетілген күні, әрекет жасалған немесе оқиға болған күні аяқталады немесе соған дейін жалғасады деп сипатталған мерзім көрсетілген күнді немесе көрсетілген әрекет не оқиға болған күнді қамтиды.

(5) Көрсетілген күнге, әрекетке немесе оқиғаға дейін аяқталады деп сипатталған мерзім көрсетілген күнді немесе көрсетілген әрекет не оқиға болған күнді қамтымайды.

(6) Әрекеттер немесе оқиғалар арасындағы күндер санына сілтеме әрекеттер немесе оқиғалар болған күнді қамтымайды.

(7) Егер мерзім жұмыс күні болып табылмайтын күні аяқталатын болса, мерзім келесі жұмыс күнінің соңында аяқталады.

(8) Осы баптың мақсаттары үшін «жұмыс күні» Алатау қаласында қолданылатын Қазақстан Республикасындағы сенбі, жексенбі немесе мереке күнінен басқа күнді білдіреді.

36-бап. Ресми түсіндірме

(1) Әкімшілік Реттеуші комиссия немесе Реттеуші комиссияның кіші комитеті арқылы әрекет ете отырып, мынадай жағдайларда Алатау қаласы заңнамасының ережесіне ресми түсіндірме бере алады:

(a) оның мағынасына қатысты сұрақ туындағанда;

(b) әртүрлі түсіндірмелер туындағанда; немесе

(c) оны қолдануда қайшылық туындағанда.

(2) Осы бапқа сәйкес берілген ресми түсіндірме Әкімшілік үшін және тиісті нормативтік құқықтық акт қолданылуы мүмкін кез келген тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

(3) Ресми түсіндірме жаңа құқықтық нормалар белгілемеуге және Алатау қаласы заңнамасының қолданыстағы ережелерін өзгертпеуге, толықтырмауға немесе олардың күшін жоймауға тиіс.

(4) Алатау қаласы заңнамасының ережесін бірнеше түрлі түсіндіру мүмкін болған кезде, Арнаулы құқықтық режимнің мақсатына қол жеткізуді және міндеттерін орындауды барынша қамтамасыз ететін түсіндірмеге басымдық берілуге тиіс.

(5) Ресми түсіндірме Интернет-ресурста жариялануға және нормативтік құқықтық актілердің тізіліміне енгізілуге тиіс.

3-БӨЛІМ. ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ САБАҚТАСТЫҚ

37-бап. Қолданыстағы актілердің күшін сақтау

(1) Әкімшіліктің басқару органы осы Реттеуші ереже қолданысқа енгізілгенге дейін қабылдаған немесе шығарған және ол қолданысқа енгізілер алдында тікелей қолданыста болған кез келген нормативтік құқықтық акт немесе өзге жазбаша құжат осы Реттеуші ережеге кез келген сәйкессіздікке қарамастан, оның қолданылу мерзімі өткенге, оған өзгерістер енгізілгенге не жаңа нормативтік құқықтық акт бұрынғы актіні толық ауыстырғанға дейін өз шарттарына сәйкес қолданылуын жалғастырады.

(2) (1)-тармақта көрсетілген кез келген жазбаша құжат осы Реттеуші ереже қолданысқа енгізілгенге дейін қабылданғаны немесе шығарылғаны не оның нысаны немесе оны қабылдау немесе шығару рәсімі осы Реттеуші ережемен енгізілген талаптарға сәйкес келмейтіні себебінен ғана жарамсыз болып табылмайды.

(3) Егер нормативтік құқықтық акт осы Реттеуші ережеге сәйкес қабылданса және ол қолданысқа енгізілген күннің алдында тікелей сол реттеу нысанасына қатысты Әкімшіліктің басқару органының өзге нормативтік құқықтық актісі немесе жазбаша құжаты қолданыста болса, сол мәселе бойынша жаңа нормативтік құқықтық акт іс жүзінде мүмкін және орынды болған шекте осындай бұрынғы нормативтік құқықтық актінің материалдық-құқықтық әсерін сақтай және жалғастыра алады.

(4) Осы баптың (1)–(3)-тармақтары нормативтік құқықтық актінің немесе жазбаша құжаттың қандай да бір ережесін, ол Қазақстан Республикасының Конституциясына немесе Конституциялық заңға қайшы келетін шекте, сақтамайды және оны сақтауға жол бермейді.

(5) Осы Реттеуші ереженің ешбір ережесі осы баптың (1)-тармағына сәйкес күші сақталған нормативтік құқықтық акт немесе жазбаша құжат негізінде туындаған кез келген құқықты, міндетті, жауапкершілікті, шешімді, мақұлдауды, рұқсатты немесе өзге де құқықтық салдарды қозғамайды.

38-бап. Аяқталмаған рәсімдер

Осы Реттеуші ереже қолданысқа енгізілгенге дейін басталған нормативтік құқықтық актіні немесе өзге жазбаша құжатты дайындаудың, қараудың, талқылаудың, бекітудің немесе қабылдаудың кез келген рәсімі осы Реттеуші ережеге сәйкес басталғандай жалғастырылуы және жүргізілуі мүмкін.

39-бап. Қолданыстағы актілер мен құжаттарға сілтемелер

Кез келген актіде немесе өзге жазбаша құжатта 37-бапқа сәйкес күші сақталған актіге немесе жазбаша құжатқа жасалған сілтеме, егер мәнмәтінде өзгеше талап етілмесе, мезгіл-мезгіл өзгерістер енгізілген, ауыстырылған немесе өзге де түрде күші сақталған осындай актіге немесе жазбаша құжатқа сілтеме ретінде түсіндірілуге тиіс.

40-бап. Қосымша өтпелі ережелер

(1) Нормативтік құқықтық актіде оны қолданысқа енгізуге не Конституциялық заңға және осы Реттеуші ережеге сәйкес белгіленген құқықтық реттеу жүйесіне көшуге байланысты қажетті немесе орынды қосымша өтпелі ережелер, құқықтардың сақталуы туралы ережелер немесе туынды ережелер көзделуі мүмкін.

(2) 21-баптың (5)-тармағында, 22-баптың (5)-тармағында және 23-баптың (5)-тармағында көрсетілген тәртіп пен талаптар қолданысқа енгізілгенге дейін Бас атқарушы директор Реттеуші бұйрықпен Реттеуші ережелерді, Қағидалар мен Реттеуші бұйрықтарды дайындауға, қарауға, талқылауға, енгізуге және, жағдайына қарай, бекітуге немесе қабылдауға қатысты уақытша тәртіп пен талаптарды, сондай-ақ осыған байланысты өзге де рәсімдерді белгілей алады. Осындай кез келген Реттеуші бұйрық тиісті тәртіп пен талаптар қолданысқа енгізілген кезде өз қолданысын тоқтатады.

1-ҚОСЫМША. ТҮСІНДІРУ

1. Анықтамалар

Осы Реттеуші ережеде, егер мәнмәтіннен өзгеше талап етілмесе:

«Әкімшілік» – Конституциялық заңға сәйкес құрылған және жұмыс істейтін «Alatau City Authority» арнаулы басқару ұйымы.

«әкімдік» Конституциялық заңда белгіленген мағынаға ие.

«Алатау резиденті» Конституциялық заңда белгіленген мағынаға ие.

«Әкімшіліктің басқару органдары» – Кеңес, Реттеуші комиссия, Бас атқарушы директор.

«Бас атқарушы директор» Конституциялық заңда белгіленген мағынаға ие.

«Конституциялық заң» – «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» 2026 жылғы 8 мамырдағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы, оған мезгіл-мезгіл енгізілетін өзгерістерімен қоса.

«Кеңес» Конституциялық заңда белгіленген мағынаға ие.

«Интернет-ресурс» Әкімшіліктің ресми интернет-ресурсын және (немесе) Әкімшілік мезгіл-мезгіл жаңартып тұруы немесе айқындауы мүмкін кез келген өзге цифрлық платформаны білдіреді.

«Заң консультативтік кеңесі» 24-бапқа сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларына құқықтық сараптама жүргізу мақсатында Әкімшілік мезгіл-мезгіл тағайындайтын сарапшы заңгерлер тобын білдіреді.

«мәслихат» Конституциялық заңда белгіленген мағынаға ие.

«Президенттің Алатау қаласы мәселелері жөніндегі Жарлығы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 26 қыркүйектегі № 1015 «Алатау қаласын дамытудың кейбір мәселелері туралы» Жарлығын білдіреді.

«Реттеуші ереже» Конституциялық заңға және осы Реттеуші ережеге сәйкес Кеңестің шешімімен немесе, егер тиісті өкілеттікті Кеңес берген болса, Реттеуші комиссия қабылдаған реттеуші ережелерді білдіреді.

«Әкімшілік туралы реттеуші ереже» Алатау қаласының Әкімшілігі туралы реттеуші ережені білдіреді.

«Реттеуші комиссия туралы реттеуші ереже» Алатау қаласының Реттеуші комиссиясы туралы реттеуші ережені білдіреді.

«Реттеуші комиссия» Конституциялық заңда белгіленген мағынаға ие.

«Нормативтік құқықтық акт» Реттеуші ереже, Қағидалар немесе Реттеуші бұйрық нысанында қабылданған Әкімшіліктің нормативтік құқықтық актісін білдіреді.

«Реттеуші материал» мыналардың кез келгенін білдіреді:

(a) нормативтік құқықтық актіде көзделген талаптан босату немесе оны өзгерту туралы хабарламаны, оның ішінде осындай хабарламаның күшін жою немесе өзгерту туралы хабарламаны;

(b) нақты тұлғаға бағытталған нұсқаулықты қоспағанда, нормативтік құқықтық акт негізінде шығарылған нұсқаулықты;

(c) нормативтік құқықтық актімен бекітілген немесе өзге де тәсілмен белгіленген (атауына қарамастан) нысанды;

(d) нақты тұлғаға қатысты қабылданған немесе шығарылған құжатты қоспағанда, нормативтік құқықтық акт негізінде қабылданған немесе шығарылған мақұлдауды, хабарламаны, саясатты немесе өзге де құжатты;

және осындай материалға енгізілген кез келген өзгерісті немесе оны ауыстыруды қамтиды.

«Реттеуші бұйрық» Конституциялық заңға және осы Реттеуші ережеге сәйкес Әкімшіліктің Бас атқарушы директоры қабылдайтын реттеуші бұйрықты білдіреді.

«Қағидалар» Конституциялық заңға және осы Реттеуші ережеге сәйкес Реттеуші комиссия қабылдайтын реттеуші қағидаларды білдіреді.

«Арнаулы құқықтық режим» Конституциялық заңда белгіленген мағынаға ие.

2-ҚОСЫМША. РЕТТЕУШІ ЕРЕЖЕ НЫСАНЫ

[ЕСКЕРТПЕ: Осы құжат Алатау қаласының Реттеуші ережесінің нысаны болып табылады.]

[АЛАТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ [●] ТУРАЛЫ РЕТТЕУШІ ЕРЕЖЕСІ]

Тіркеу нөмірі: [тіркеу нөмірі]

Қабылданған күні: [•]
Қолданысқа енгізілген күні: [•]

Алатау қ., Қазақстан

[МАЗМҰНЫ]

1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Атауы

Осы Реттеуші ереже [Алатау қаласының [●] туралы реттеуші ережесі] болып табылады.

2-бап. Қабылданған күні

Осы Реттеуші ереже Алатау қаласының Кеңесі қабылдаған күні қабылданды деп есептеледі.

3-бап. Қолданысқа енгізу

Осы Реттеуші ереже [●] қолданысқа енгізіледі. [Ескертпе: осы Реттеуші ереженің Интернет-ресурста жарияланған күнінен ерте болмауға тиіс қолданысқа енгізу күнін көрсету керек].

4-бап. Құқықтық негіз

Осы Реттеуші ережені Кеңес «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының [●]-бабына [Ескертпе: тиісті бапқа сілтеме жасау керек] сәйкес қабылдайды.

5-бап. Қолданыс аясы және қолданылуы

(1) Осы Реттеуші ереже Алатау қаласының аумағында [және Алатау қаласының қала маңындағы аймағында] қолданылады.

(2) Осы Реттеуші ереже [барлық Алатау резиденттеріне] қолданылады.

6-бап. Осы Реттеуші ереженің мақсаты [мақсаттары]

(1) Осы Реттеуші ереженің мақсаты [мақсаттары] [мыналар болып табылады / мыналарды қамтиды]:

(a) [●]

(b) [●]

7-бап. Түсіндіру

Осы Реттеуші ережеде пайдаланылатын терминдер 1-қосымшада берілген мағынаға ие.

8-бап. Өтпелі ережелер (қажеттілігіне қарай)

[●]

2-БӨЛІМ. [●]

[ЕСКЕРТПЕ: Реттеуші ереженің осы бөлімінің, бірінші бөлігінің немесе тақырыбының, сондай-ақ кейінгі кез келген тараулардың атауын енгізу керек.]

1-тарау. [●]

[Ескертпе: осы бөлімдегі әрбір тараудың және кейінгі тараулардың атауын енгізу керек]

9. [●]

(1) [●]

2-тарау. [●]

10. [●]

(1) [●]

(a) [●]

3-тарау. [●]

11. [●]

(1) [●]

(a) [●]

12. [●]

(1) [●]

(a) [●]

3-БӨЛІМ. [●]

4-тарау. [●]

13. [●]

(1) [●]

(a) [●]

РЕТТЕУШІ ЕРЕЖЕГЕ 1-ҚОСЫМША. ТҮСІНДІРУ

1. Анықтамалар

[Ескертпе: тиісті Реттеуші ереже үшін қажетті анықтамаларды енгізу және онда пайдаланылмайтын анықтамаларды алып тастау керек.]

Осы Реттеуші ережеде, егер мәнмәтінде өзгеше талап етілмесе: [Ескертпе: төменде келтірілген анықтамалар қабылданатын Реттеуші ережелердің көпшілігіне қолданылуы мүмкін болғандықтан енгізілген, алайда оларға қажетіне қарай өзгерістер енгізу керек***]***

«Әкімшілік» – Конституциялық заңға сәйкес құрылған және жұмыс істейтін «Alatau City Authority» арнаулы басқару ұйымы.

«Конституциялық заң» – «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» 2026 жылғы 8 мамырдағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы.

3-ҚОСЫМША. ҚАҒИДАЛАР НЫСАНЫ

[Ескертпе: осы құжат Алатау қаласы қағидаларының нысаны болып табылады.]

[АЛАТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ [●] ТУРАЛЫ ҚАҒИДАЛАРЫ]
Тіркеу нөмірі: [тіркеу нөмірі]

Қабылданған күні: [•]
Қолданысқа енгізілген күні: [•]

Алатау қ., Қазақстан

[МАЗМҰНЫ]

[1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР]

1.1. Атауы

Осы Қағидалар *[Қағидалардың атауы]* қағидалары болып табылады.

1.2. Қабылданған күні

Осы Қағидалар Реттеуші комиссия қабылдаған күні қабылданды деп есептеледі.

1.3. Қолданысқа енгізу

Осы Қағидалар [●] қолданысқа енгізіледі. [Ескертпе: осы Қағидалардың Интернет-ресурста жарияланған күнінен ерте ***болмауға тиіс қолданысқа енгізу күнін көрсету керек].***

1.4. Құқықтық негіз

Осы Қағидаларды Реттеуші комиссия [шешімнің күні] жылғы № [шешімнің нөмірі] шешіммен [А нұсқасы: [өкілеттік беретін реттеуші ереженің атауы] [баптың нөмірі]-бабымен] / [В нұсқасы: Алатау қаласының нормативтік құқықтық актілері туралы реттеуші ереженің [14-бабы (2)-тармағының (b) тармақшасымен]] берілген өкілеттіктерді жүзеге асыра отырып, Арнаулы құқықтық режимді іске асыру үшін және Конституциялық заңның 36-бабы 5-тармағының 2) тармақшасында көзделгендей қабылдады,

1.5. Анықтамалар

1-қосымшада осы Қағидаларда қолданылатын анықтамалар мен түсіндіру туралы өзге де ережелер қамтылған.

1.6. **Мақсаты**

Осы Қағидалардың мақсаты [қағидалардың мақсатын немесе міндетін көрсету керек] болып табылады.

[ЕСКЕРТПЕ: Осы нысан бөлімдерге бөлінген Қағидалардың құрылымын көрсетеді. Егер Қағидалар бөлімдерге бөлінбесе, нөмірлеу осы Реттеуші ереженің 18-бабының (6)-тармағына сәйкес келуге тиіс.]

1-БӨЛІМ

1.1. [Қағиданың тақырыптық атауы]

1.1.1 [кіші қағиданың ережесі].

1.1.2 [кіші қағиданың ережесі]:

1.1.1(a) [тармақшаның ережесі];

1.1.1(b) [тармақшаның ережесі]:

1.1.1(a)(i) [абзацтың ережесі]; және

1.1.1(a)(ii) [абзацтың ережесі].

1.2. [Қағиданың тақырыптық атауы]

ҚАҒИДАЛАРҒА 1-ҚОСЫМША. ТҮСІНДІРУ

1. Анықтамалар

1.3. Конституциялық заңда немесе Алатау қаласының нормативтік құқықтық актілері туралы реттеуші ережеде айқындалған терминдер, егер мәнмәтіннен өзгеше туындамаса, осы Қағидаларда сондай мағынаға ие болады.

1.4. [Қажетіне қарай өзге де анықталатын терминде*р*].

4-ҚОСЫМША. РЕТТЕУШІ БҰЙРЫҚ НЫСАНЫ

АЛАТАУ ҚАЛАСЫ

АЛАТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІГІ

РЕТТЕУШІ БҰЙРЫҚ

[атауы]

ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗ

«Alatau City Authority» арнаулы басқару ұйымының (бұдан әрі – Алатау қаласының Әкімшілігі) Бас атқарушы директоры Алатау қаласының Кеңесі берген өкілеттіктер шегінде және «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – **Конституциялық заң**) 36-бабы 5-тармағының 3) тармақшасына, Әкімшілік туралы реттеуші ереженің 28-тармағының 22) тармақшасына, сондай-ақ [Конституциялық заңның тиісті бабына сілтеме] сәйкес әрекет ете отырып, осымен

БҰЙЫРАДЫ:

1.

(1)

(2)

2. Рәсімдік және іске асыру ережелері

(1)

(2)

3. Қолданысқа енгізу және қолданылу мерзімі

(1) Осы Реттеуші бұйрық Интернет-ресурста жарияланғаннан кейін күнтізбелік [●] күн өткен соң қолданысқа енгізіледі [немесе өзгеше көрсету керек].

(2) Осы Реттеуші бұйрық оның күші жойылғанға дейін қолданыста болады.

4. Өтпелі ережелер [егер қолданылатын болса]

(1)

(2)

Алатау қаласы Әкімшілігінің Бас атқарушы директоры **ҚАБЫЛДАДЫ.**

Қолы: _____

Т.А.Ә.: _____

Лауазымы: Алатау қаласы Әкімшілігінің Бас атқарушы директоры

Күні: _____ _____ _____

Тіркеу нөмірі: [тіркеу нөмірі]

РЕТТЕУШІ БҰЙРЫҚҚА 1-ҚОСЫМША. ТҮСІНДІРУ

Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының қолданылатын заңнамасында айқындалған терминдер, егер мәнмәтіннен өзгеше туындамаса, осы Реттеуші бұйрықта сондай мағынаға ие болады [т*ерминдер енгізілген жағдайда оларды келтіру керек*].

РЕТТЕУШІ БҰЙРЫҚҚА 2-ҚОСЫМША. ***[қолданылатын болса, атауын көрсету керек]***

1. [Тармақтың тақырыптық атауы]

(1) [тармақшаның ережесі].

(2) [тармақшаның ережесі]:

(a) [кіші тармақшаның ережесі];

(b) [кіші тармақшаның ережесі]:

(i) [абзацтың ережесі]; және

(ii) [абзацтың ережесі].

(3)

Қосымшада сондай-ақ кестелер, схемалар, диаграммалар және т.б. қамтылуы мүмкін.

Жоғарыда аталғандардың әрқайсысы жеке қосымшада ресімделуге тиіс.